



БҰЙРЫҚ

04 маусым 2014 ж.

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 253-Ө

город Астана

**«Республикалық протездік-
ортопедиялық орталық» акционерлік
қоғамының 2013 жылғы
жылдық қаржы есептілігін бекіту туралы**

«Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 177-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Республикалық протездік-ортопедиялық орталық» акционерлік қоғамының 2013 жыл үшін жылдық қаржы есептілігі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес бекітілсін (050004, Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 65, БСН:120840009442, ЖСК:KZ94826A1KZTD2020207, «АТФБанк» акционерлік қоғам, БСК:ALMNKZKA).

2. «Республикалық протездік-ортопедиялық орталық» акционерлік қоғамының 2013 жылдың қорытындысы бойынша алынған 79 077 000 (жетпіс тоғыз миллион жетпіс жеті мың) теңге мөлшеріндегі таза табысы төмендегідей бөлінсін:

11 861 550 (он бір миллион сегіз жүз алпыс бір мың бес жүз елу) теңге сомадағы таза табыстың 15 (он бес) пайызы «Республикалық протездік-ортопедиялық орталық» акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетіне дивиденд төлеуге республикалық бюджеттің кірісіне жіберілсін;

67 215 450 (алпыс жеті миллион екі жүз он бес мың төрт жүз елу) теңге сомадағы таза табыстың 85 (сексен бес) пайызы дамытуға және жетілдіруге «Республикалық протездік-ортопедиялық орталық» акционерлік қоғамының иелігіне қалдырылсын.

3. «Республикалық протездік-ортопедиялық орталық» акционерлік қоғамының дивиденд мөлшері 2013 жылдың қорытындысы бойынша бір жай акция есебіне 15,52 (он бес теңге елу екі тиын) теңге бекітілсін.

4. «Республикалық протездік-ортопедиялық орталық» акционерлік қоғамының Президенті (Г.Б. Тыналина):

осы бұйрыққа қол қойылған күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде «Республикалық протездік-ортопедиялық орталық» акционерлік қоғамы

